

Қазақстан Республикасы Президентінің "Республикалық ұлан туралы" заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 8 қаңтардағы N 516 Заңы

1-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің "Республикалық ұлан туралы" 1995 жылғы 5 желтоқсандағы N 2671 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 22, 139-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 184, 190-құжаттар; 1998 ж., N 11-12, 174-құжат; N 24, 436-құжат; 2001 ж., N 20, 257-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Актінің нысаны мен тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы".

2. Кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Заң Қазақстан Республикасы Республикалық ұланының мәртебесін, құрылымын, өкілеттігін және қызметінің ұйымдастырылуын белгілейді."

3. Мәтіндегі "Жарлық", "Жарлықта", "Жарлықпен" "Жарлықты", "Жарлыққа", "Жарлықтың" деген сөздер тиісінше "Заң", "Заңда", "Заңмен", "Заңды", "Заңға", "Заңның" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. Тараулардағы "I-IX" деген цифрлар тиісінше "1-9" деген цифрлармен ауыстырылсын.

5. 1, 2-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"1-бап. Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы

Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы (бұдан әрі - Республикалық ұлан) - Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуші күштерге жататын және күзетілетін тұлғалар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі күзет іс-шараларын өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын арнаулы мемлекеттік орган.

Республикалық ұлан мемлекеттік мекеменің ұйымдастыру-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның нақты және шартты атауы, мөрлері, мөртабандары, мемлекеттік тілде және орыс тілінде жазылған бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес банктерде шоттары болады.

Республикалық ұланды қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Республикалық ұлан әскери құрама болып табылады.

2-бап. Қазақстан Республикасының Республикалық ұлан туралы заңдары

1. Қазақстан Республикасының Республикалық ұлан туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленген болса, халықаралық шарттың ережесі қолданылады."

6. 3-баптың 2-тармағы алып тасталсын.

7. 4-баптың 1-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) әскери және төтенше жағдай режимі кезінде Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен іс-шараларды жүзеге асыру."

8. 6-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Республикалық ұланның әскери қызметшілері арнайы тексеруден өтеді."

9. 7-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) ерікті негізде келісім-шарт бойынша Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қызметкерлерінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Қарулы Күштерінің, басқа әскерлері мен әскери құрамалары әскери қызметшілерінің;"

10. 8-баптың 2-тармағындағы "Қазақстан Республикасы" деген сөздерден кейін " Республикалық ұланының бөлімшелерінде және" деген сөздермен толықтырылсын.

11. 9-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Республикалық ұланның туы, нышаны, айырым белгілері және нысанды киімі болады, олардың үлгілерін Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді."

12. 10-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"10-бап. Республикалық ұланның міндеттері

Республикалық ұланға мынадай негізгі міндеттер:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметімен өзара іс-қимыл жасай отырып, Қазақстан Республикасы Мемлекет басшысының, экс-президенттері мен олардың отбасыларының және Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен тізбе бойынша мемлекеттің лауазымды адамдарының, сондай-ақ шет елдердің мемлекет, үкімет басшылары және халықаралық ұйымдар басшылары Қазақстан Республикасының аумағында болған кезеңінде олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

2) тізбесін Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын аса маңызды мемлекеттік объектілерді, сондай-ақ күзетілетін тұлғалардың болуы үшін бөлінген үйлерді, құрылыстарды, ғимараттар мен оған іргелес жатқан аумақтар мен су айдындарын, әуе кемелерін, жер бетіндегі көлікті және су көлігін, олардың тұрған ж е р л е р і н к ү з е т у ;

3) өз құзыреті шегінде терроризмге қарсы операцияларға қатысу;

4) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасының эталондарын күзету;

5) хаттамалық іс-шараларды өткізу кезінде, Қазақстан Республикасының мерекелері мен салтанаттарында дәстүрлік рәсімдердің атқарылуына қатысу;

6) әскери және төтенше жағдай режимі кезінде Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен іс-шараларды жүзеге асыру жүктеледі."

13. 12-баптың 2-тармағында:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Республикалық ұлан туралы ережені, Республикалық ұланның ұйымдық құрылымы мен саны жөніндегі ұсыныстарды әзірлеп, Қазақстан Республикасы Президентінің бекітуіне ұсынады;"

13) тармақша мемлекеттік тілдегі мәтінінде өзгермейді.

14. 5-тараудың тақырыбындағы "Республикалық ұланның" деген сөздер "Республикалық ұлан әскери қызметшілерінің" деген сөздермен ауыстырылсын.

15. 14-бапта:

тақырыптағы "Республикалық ұланның" деген сөздер "Республикалық ұлан әскери қызметшілерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "қару мен арнайы құралдарды" деген сөздер "жауынгерлік техниканы, қару мен арнайы құралдарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

"дереу" деген сөз "жиырма төрт сағат ішінде" деген сөзбен ауыстырылсын.

16. 15-бапта:

1-тармақтың 2) және 4) тармақшаларындағы "Ұланның", "Ұлан" деген сөздер "Республикалық ұланның", "Республикалық ұлан" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ мемлекеттік тілдегі мәтінінде өзгермейді.

17. 16-бапта:

1-тармақтың 2) тармақшасындағы "Ұлан" деген сөз "Республикалық ұлан" деген сөзбен ауыстырылсын;

4-тармақ алып тасталсын.

18. 6-тараудың тақырыбындағы "және оларды әлеуметтік қорғау" деген сөздер ", әлеуметтік қорғалуы және жауапкершілігі" деген сөздермен ауыстырылсын.

19. 17-бапта:

1-тармақтағы "қолданылып жүрген заңдармен" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңдарымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ мемлекеттік тілде өзгеріссіз қалдырылсын;

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Республикалық ұланның әскери қызметшілеріне партияларда, кәсіптік одақтарда болуға, қандай да бір саяси партияға қолдау көрсетуге, ереуілдер ұйымдастыруға және оларды өткізуге қатысуға, өзге де ақы төленетін қызметпен (оқытушылық, ғылыми немесе өзге де шығармашылық қызметтен басқа) айналысуға, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ коммерциялық ұйымның басқарушы органына немесе байқаушылар кеңесіне кіруге тыйым салынады."

20. 18-баптың 1-тармағындағы "өзге қолданылып жүрген заңдарға" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңдарына" деген сөздермен ауыстырылсын.

21. Мынадай мазмұндағы 18-2-баппен толықтырылсын:

"18-2-бап. Республикалық ұлан әскери қызметшілерінің жауапкершілігі

Республикалық ұланның әскери қызметшілері өздерінің қызметтік міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны және заңға қайшы әрекеттер жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

Республикалық ұлан қызметшілерінің іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) жоғары тұрған командирге және (немесе) сотқа белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін."

22. 19-баптың 4-тармағында:

"Ұланның" деген сөз "Республикалық ұланның" деген сөздермен ауыстырылсын;

"материалдарымен" деген сөзден кейін ", сондай-ақ" деген сөзбен толықтырылып, "бюджеттердің есебінен" деген сөздер "бюджеттер қаражаты есебінен тамақпен" деген сөздермен ауыстырылсын.

23. 20-бапта:

2-тармақтағы "Республика" деген сөз "Қазақстан Республикасының" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "Ұланның" деген сөз "Республикалық ұланның" деген сөздермен ауыстырылсын.

24. 22-баптағы "Қаржы министрлігі бақылау жасайды" деген сөздер "заңдарына сәйкес бақылау жасалады" деген сөздермен ауыстырылсын.

25. 9-тарау алып тасталсын.

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті